

Дәріс №11. CorelDRAW-да мәтінмен жұмыс істеудің негізгі әдістері.

Мақсаты: Corel Draw ортасында мәтіндік құралдарымен жұмыс жасауды меңгеру.

CorelDraw-да мәтіннің екі түрін қолдануға мүмкіндік береді.

1. **Artistic text** – фигуралық мәтін

2. **Paragraph text** – қарапайым мәтін

Фигуралық мәтін объект деп есептеледі. Сондықтан оған контурдың және құюдың жалпы қасиеттерін және арнайы эффектерді қолдануға болады. Фигуралық мәтіннің формасын (**Shape** инструменті көмегімен) өзгертуге болады.

Қарапайым мәтін арнайы мәтіндік блокта орналасады және оған мәтіндік процессорларда қолданылатын параметрлерін (өрістер, абзацтық шегіністер, тасымалдау және т.б.) орнатуға болады. Қажет болған жағдайда фигуралық мәтінді қарапайым мәтінге және керісінше түрлендіруге болады. Ол үшін: **Text > Convert to Paragraph (Artistic) text** немесе **Ctrl + F8** командаларын орындау керек.

Қарапайым және фигуралық мәтінді құру үшін: **Text** - инструментін қолдану керек.

Фигуралық мәтінді құру үшін: жұмыс аймағының кез-келген жерінен шертіп, мәтінді енгізу керек.

Қарапайым мәтінді құру үшін: рамка сызып, мәтінді енгізу керек.

Мәтінді өңдеу үшін қолданылатын сұхбат терезе **Ctrl + Shift+T** пернелер комбинациясымен шақырылады. Мәтіннің параметрлерін толық баптау үшін **F**-батырмасы көмегімен **Format text** сұхбат терезесі шақырылады. Бұл терезенің 5 – бет парағы бар.

1. **Character** - символдар

2. **Paragraph** - абзацтар

3. **Tabs** - табуляция

4. **Columns** - колонкалар

5. **Effects** – маркерлердің түрі таңдалады. Сол маркердің көлемі, буквицаның түрі осы жерде таңдалады.

Мәтіндік блоктарды байланыстыру Бұрынғы мәтіндік блокпен байланысқан жаңа блок құру үшін мәтіндік блоктың төменгі-ортанғы маркеріне шерту керек. Сонан соң мәтіндік блоктың рамкасын салу керек. Егер мәтін бірінші блокқа толық сымасы маркер стрелка тәрізді болады. Екі блокты бір-бірімен байланыстыру үшін алдымен бірінші блоктың ортанғы – төменгі маркерлеріне шертіп, сонан соң екінші блокқа шерту керек. Байланыс көк түсті болады.

Corel Draw графикалық редакторы мәтінді өңдеуге арналған құралдарды қамтиды. Оның мүмкіндіктері кәсіби баспа жүйесіндегі күшті мәтіндік редактордағыдай соншалықты қолайлы болмаса да көптеген тапсырмаларды шешуге жеткілікті.

Corel Draw –да екі түрлі мәтіндік объект жасауға болады: қарапайым мәтін (**Paragraph**) және шығармашылық мәтін (**Artistic**).

Шығармашылық мәтін көбіне баспаны әдемі безендірілуі үшін қажет. **Artistic** объектісін жасау үшін құралды панеліндегі пиктограмманы басамыз. Мұнда мәтін шекарасы шектелмеген – экранның кез келген жерінде бір рет басып, мәтінді тере береміз. Басулы өлшеміне қарай шектері автоматты түрде кеңейе береді. Көп мөлшерде мәтінді енгізу үшін **Paragraph** форматы қолданылады. Объект жасауда қағаз бетінде керекті аймақты, яғни мәтін орналасатын жерді басамыз. Шектеріне дейін толып қалғанша кейін ол экранда көрінбей қалады. Сондықтан шектерін кеңейту керек немесе сол бөлімі басқа **Paragraph** объектісін апаруға болады.[4]

Мәтін объектісіне **Effects**-ті таңдап, әртүрлі эффекттер жасауға болады: масштабтау, созу, ығыстыру, айналдыру. **WYSOWYG** принципі бойынша жұмыс істейтін кез келген басқа да бағдарламалар сияқты **Corel Draw** мәтіннің барлық өзгерулерін экранда көрсетеді. Редакторда орнатылған **Windows True Type Post Script** тәрізді әріптерді толық қолдануға болады.

Corel Draw мәтінде орындалатын негізгі операцияларды қарастырайық.

Мәтінді форматтау үшін **Text** менюі қолданылады. Төменде оның пункттері келтірілген[5]

Text Roll -Up

Мәтіннің негізгі параметрлері: қолданылып отырған кәріп оның өлшемі қатар теңестірілуі. Бұл менюден арнайы параметрді орнатуға арналған болса менюлерге өтуге болады.

Character

Бұл пунктті талдау кезінде қолданушы карпті өлшемін, белгілер стилін, белгілер арасындағы арақашықтық, сөздер, қатарлар арасындағы арақашықтықты, қатарды теңестіруін іске асыра алатындай меню шығады. Сызықша бір өлшемді немесе екі-жіңішке және жуан бола алады.

Paragraph

Бұл менюде мәтін параграфының параметрін өзгертуге болады: қатарлар арасындағы сөздер және белгілер арасындағы қашықтық, параграф шектері, сол жақтан немесе оң жақтан шегіністер, табуляция позициясы. Арнайы көркем карптерден белгілер қоюға болады.

Frame

Тек Paragraph объектісі үшін. Мәтінді газета форматында яғни бағаналармен шығарады. Бағана саны 1-ден 8-ге дейін. Әрбір колонканың енінің өлшемін беруге болады. Мәтінді енгізгенде және объектінің төменгі шегіне жеткенде ол автоматты түрде келесі бағанаға автоматты түрде көшеді.

Fit Text To Path

Corel Draw басқа қарапайым мәтіндік процессорларда ерекшелеп тұратын айрықша құралы. Берілген команда мәтінді қандайда да бір объектілер біріктіреді. Осылайша берілген объектіге жанасады. Corel Draw мәтінді әртүрлі түрде орналастыруды қамтиды. Мысал үшін периметрі бойынша шарбақша құру.

Align To Baseline – мәтінді базалық сызық бойынша теңестіру

Straighten Text – мәтінді базалық сызық бойынша теңестіріп, оған барлық символдар қатарын қолдану.

Type Assist - мәтінге арналған арнайы сервистік белгілеулер

Spel Checker- орфография тексеру. Тек бекітілген объекті тексеріп қана қоймайды, мәтінге ие барлық құжатты тексереді.

Thesaurus - әрбір сөздік синониммен ауыстыру мүмкіндігі

Find – мәтінді табу

Replace – мәтінді ауыстыру

Edit Text – аса көрнекі емес, бірақ көп жағдайда мәтінді енгізу үшін қолайлы. Енгізу терезесі шығады сонда өзгертулер енгізіледі. Мәтінге созу, сығу, айналдыру, орын ауыстыру сияқты қарапайым мәтінге қолданылатын барлық өзгертулер жасауға болады.

Назар аударуды қажет ететін үлкен көлемді объектітермен Corel Draw –да жұмыс істеудің қолайсыздығы. Windows- қа арналған күшті мәтіндік процессорлар және баспа жүйесімен қолданушы Corel Draw интерфейсінің қолайсыздығын бірден байқайды. Мәтіннен және нысанмен жұмысқа раналған курсордың түрін жиі ауыстыруға тура келеді және мәтін стилін бірнеше рет өзгерту керек болады.Параграфтармен жасалған жұмыс күрделі. Көптеген пайдалы өзгертулерге арналған қажетті функциялар жоқ. Бір жағынан қарайтын болсақ бұл бағдарлама қандай мақсатта арналып жасалғанын есепке алатын болсақ мәтінмен жұмыс істеуге арналған функциялар жақсы ұйымдастырылған дейтін болар едік.

Өлшеулерді өзгерту

Биіктігі

Ені

Пропорциональды

Өлшемдері шектелмеген . Егер бұрыштағы шаршыны алсақ онда ұзындығы және биіктігі пропорциональды түрде өзгереді.

Бұл операцияларды барлығын визуалды түрде емес, сонымен қатар сандар енгізіп жасауға болады, егер Transform Roll-Up менюін қолдансақ, ол Effects менюінде мұнда меню шығады және орын ауыстыру түймесі, айналдару, өлшемін өзгерту, жылжыту түймелері бар. Қажетті ұзындық және бұрыштар мәнін қолмен қоюға болады. Команданың орындалуы үшін Apply – ді басамыз.

Шағылысу (Mirror)

Бұл функция мәтінді солға, оңға немесе жоғарыдан төменге айналдыруға мүмкіндік береді.

Тапсырма

Өмір ескекті қайық секілді, оны қарқынмен басқара алсаң, ол қайықпен бақыттың түбіне жүзіп баруға болады. Егер өмірді түсіне алмасаң, қиындықтарына төзе алмасаң, онда өкінішке орай судың түбіне кетпеуің екіталай.

Өкінбе...
Бүгіңіңе, өміріңе, өткеніңе...
Қанша сен сүрінсең де...
Қақың бар...
Қайта тұрып жүгіруге!

Қарапайым мәтінді пішімдеу

Қарапайым мәтінді пішімдеудің, фигуралық мәтінді пішімдеумен ортақтығы көп. Қарапайым мәтіннің символдары үшін қаріп, өлшем, әлпет және басқа қаріптің атрибуттарын беруге болады. Әрине, мәтін алдын ала белгіленуі керек. Мәтіннің символдарын белгілеу үшін Мәтін [Text Tool] инструменті қолданылады.

Мәтінді тінтуірдің көмегімен және пернетақта арқылы белгілеу.

Мәтінді пернетақтадан да [Shift пернесі басулы кезде меңзерді басқару пернелерімен], тінтуірдің көмегімен де [сол батырманы баса отырып оны мәтін бойымен жылжытып] белгілеуге болады.

Қасиеттер панелінде әлпеттер, астын сызу, туралау және т.б. батырмалары бар. Егер белгіленген мәтін кезінде олардың бірінде шертсе, мітін сәйкес атрибутке ие болады.

1. **Мәтін** [Text Tool] инструментін таңданыңдар.

2. Бірінші жақтаудағы мәтінді белгіл

3. **Размер шрифта тізіміне** 14 пункт мәнін таңдаңыздар. Мәтін ірірек болды, енді ол жақтауға сыймай онымен байланысқан жақтауға ауысты.

4. Инструментті ауыстырмай бірінші жақтаудың жалғастыру маркерін жол бұрынғы орында барғанша төмен жылжытыңыздар. Мәтін бұл жағдайда белгіленген қалпында қалады.

Пішімдеудің басқа атрибуттарын қарастырайық.

1. Мәтіннің екінші жақтауындағы, „Дүкендер“, сөзін белгілеңіздер.

2. Қасиеттер панеліндегі **Полужирный** батырмасында шертңіздер. Қаріп жартылай қалың әлпет қабылдады.

3. Қасиеттер панеліндегі **Выравнивание (Center Alignment)**

Батырмасында шертңіздер. Туралау нұсқаларының тізімі ашылады. Кезекпен тізімнің элементтерін таңдай отырып, әр түрлі туралау нұсқаларын қарастырыңыздар, сонан кейін **По центру** батырмасын таңдаңыздар. Тақырып жақтаудың симметриясының тік осіне қатысты тураланады.

Мәтінді дәл баптау

Мәтінді пішіндеу атрибуттарының көбін қасиеттер панелінен таңдауға болады. Бірақ мәтінді бағандарға бөлуге келгенде **Форматировать текст** диалогтық терезесінің көмегін алуға тура келеді. Онда пішімдеудің барлық атрибуттарын баптауға болады. Атап айтқанда инструментті қолданғанда тек шамалап қана баптауға болатын аралықтардың мәнін санмен беруге болады. Сандық мәндерді қолдану мәтіннің қанша болса да шамалы көлемімен жұмы істегенде тіптен қажет болады.

Мәтін инструментімен екінші жақтаудағы мәтінді белгілеңіздер және қасиеттер панеліндегі **Форматировать текст** батырмасын басыңыздар. Сол кезде бес қосымшасы бар аттас диалог терезесі ашылады.

➤ **Character** (Символ) қосымшасында символ атрибуттарын басқару элементтерінің барлығы орналасқан. Мұнда гарнитураб кегль, әлпет, астын сызу, үстін сызу атрибуттарын таңдайды. Сіздер белгіленген символдарды жоғары немесе төменгі индекс ретінде де анықтауларыңызға болады. Тіл (Язык, Script) тізімінде мәтіннің тілдер тобын – **Latin** (латиница) **Asian** (Азиатский) **Middle Eastern** (Ближневосточны) анықтайды. Қосымшаның төменгі бөлігінде символдардың бұрылу бұрышын, тік және көлденең ығысуын анықтайды.

➤ **Абзац** (paragraph) қосымшасы белгіленген абзацтарды туралауға (оң немесе сол жақ шеттегі бойынша, ортасы немесе пішімі бойынша, жақтаудың бүйір жақ шекарасынан шегініс және абзацтық шегіністерді жасауға мүмкіндік береді. Мұнда абзацтардың арасындағы ара қашықтықты да беруге болады. Сонымен қатар символ аралық қашықтықты және бос орынның өлшемін де өзгертуге болады. Осы жерде тағы автоматты түрде тасымалдауларды орналастыруды қосуға және ажыратуға, орналастыру алгоритмін баптауға болады.

Табуляция орны мен оларға қатысты мәтінді туралау режимін **Табуляция** (Tabs) қосымшасын пайдаланып анықтауға болады. Осы қосымшада табуляция орындарының арасындағы толтырғышты да анықтауға болады.



Функциясы *PowerClip*

Бұл функцияның көмегімен объектіні контейнерге кірістіруге болады, сонымен қатар объектінің контейнерге сыймайтын жерлерін бүркемелеуге болады. (**Сурет: 17.** , **сурет: 18.**).



17 сурет



18 сурет

Бақылау сұрақтары:

1. Фигуралық мәтінмен орындалатын операциялар.
2. Қарапайым мәтінмен орындалатын операциялар.
3. Мәтінді траектория бойымен орналастыру түрлері.